

Самат Мәненұлы

ҚАЗАННАН ЖЕЛТОҚСАНҒА ДЕЙІН



25.11.2016
M. Carretero
el reparto
de la zona de conservación
y desarrollo sostenible
de la laguna de Carabias

*Республика тәуелсіздігінің жиырма
бес жылдығына*



**ҚАЗАННАН
ЖЕЛТОҚСАНҒА
ДЕЙІН**

2016 ж.

АЛҒЫ СӨЗ

Жинактар туралы алғы сөзімізді бастамас бұрын Самат ағаның үшінші жыр кітабінің жарық көруіне қол ұшын беріп, демеушілік жасаған; сонау 1992 жылы ауданда алғашқылардың бірі болып ашылған Ұзынсу ауылындағы «Дәulet» шаруа кожалығының басшысы, ауданның бір туар азаматы, аудандық маслихаттың екі шақырылымының депутаты болған Самат ағаның досы, қурдасы марқұм Иманмағзам Әлмұқанұлы Дәуітовтің баласы, әке бастап кеткен абыройлы ісін жемісті жалғастырып жүрген Қанат Иманмағзамұлына, сонымен қатар ауданың И.Байзаков және Панфилов секілді екі іргелі ауылындағы шаруашылыктарға иелік етіп, ауыл тұрғындарының басым бөлігін жұмыспен қамтып отырған Марат Қалымұлы Уайхановқа Самат ағаның атынан және өз атынан, жалпы өнер сүйетін, өнер сыйлайтын ертістіктер атынан шын жүректен алғысымды білдіремін. Байлық ешкімге де артықшылық етпейді дей тұрғанмен де, бүгінгідей күрделі заманда бала- шағаның аузынан жырып, ақын ағамызға көмек көрсетуі, бұл азаматтардың ұлттық өнерімізге бей-жай қарай алмайтындықтарынан және осы көне өнерге өздерінің, басқаларға қарағанда бір табан жақын тұратынтындарының айғағы деп түсіну керек шығар. Эселі, киналып жүрген кез келген жанға жасаған жақсылық түптің түбінде адамнан болмаса да, Алладан қайтары анық. Сөзімізді түйіндей отырып, осы екі азаматтың өздеріне, отбасыларына амандық, тірлігіне ортаймас дәulet, салиқалы ғұмыр тілейік. Құрметті оқырман қауым, алды бүкіл кеңестер одағына, арты республикаға мәлім, Ертіс топырағында туып өскен өлең, жырдың желмаясы Isa Байзаков, Аманжол Шамкенов, Мұбрәк Жаманбалинов, Галымбек Жұматовтардың ақындық

өнерін жемісті жалғастырып жүрген жерлесіміз Сamat Мәненұлы. Өнер жолына қырық жастан асып барып келген Самат аға, өткеннің орнын толтыруға соңғы жылдар мықтап кіріскең сыйайлы. Саналы ғұмырының отыз бес жылын ауылшаруашылық саласында өткізген Самат аға, тиіп-кашып өлең жазып жүрді демесеңіз, әдебиетке шын ден қойған уақыты, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезең. Күні бүгінге дейін жазылған жыр жолдарының басым бөлігі тәуелсіздік жылдарының еншісінде болуда, содан. Кезінде, дәлірек айтқанда, 1991жылы жазылған Монолог деген өлеңінде:

Дірілдеп тағдыр желдің өкпегіне,
Жете алмай Парнас таудың бектеріне,
Қайран жырым кетер деп етпен бірге,
Мұнға батам;
Жырларым қала ма деп,

Шаң басқан газеттердің беттерінде.-деп өкінішін білдірген Самат ағаның 2015-2016 жылдар жолы болды. Ертістегі белгілі кәсіпкер Ерлан Жәкенұлы Кенжетаев ағайдың демеушілігі нәтижесінде 2015 жылдың жазында «Жыл мезгілдері» деген атпен алғашқы жыр жинағы жарық көрді. Бұл жинаққа Самат ағаның сонау мектеп қабырғасынан бастап жазған табиғат туралы жырлары кірген. Әдебиет сыншылары қалай қабылдайтынын қайдам, жинақтағы лирикалық табиғат жырлары өз басыма жүректен қыл суырғандай әсер етті. Қолында суретшінің қыл қаламы болмай-ақ сөзбен де сурет салуга болады еken, бұл ағайдың жылдың төрт мезгілі туралы жазған жырларынан көрініп түр, жыр емес сурет дерсін! Бұл тума таланттың қолынан келері еkenі анық. Устіміздегі жылы кеңес дәуірінде сол заманың жүгін бірге тартқан Ағашорын ауылсының азаматтары Б.Абдраисов, Б.Бәкішев, Е.Сейдахметов, марқұм Қайрақпай Байгазиновтың

ұлы Ерқанаттың, Б.Бәкішевтің ұлы Дәуреннің, Лениндік Қ.Көпбаевтың демеушілігімен «Атамекен» атты екінші жыр жинағы жарық көріп отыр. Жинаққа халқымыздың салт-дәстүрлері, ауылдар, ауданның қарапайым еңбек адамдары, махаббат жырлары енген. Ақын ағаны қатты толғандыратын бүтінгі ауыл тағдыры. Ол егіле жазғаны, емірене жазғаны жыр жолдарынан анық көрініп тұр. Мысалы Ертістің ауылдары деген өлеңінде:

..Ауылдарым, тал бесік ауылдарым,
Сендер барда болмайды жанымда мұн.
Ұядай боп даламда жатырмысың,

Көк белдерді көтеріп сағымдарын.-деп бір тебіренсе, бүтінгі нарық заманында ауылдардың гүлденуі, көркеюі ауылдықтардың өздеріне де тікелей қатысты екенін де болжап:

..Бүтінгінді көргенде жаным жалын,
Кімге айтып мұн, кімдерге жалынамын?
Белді шешіп көк белден береке іздең,

Бақытыңды өзің тап ауылдарым!-дейді. «Ауылым келгенде» өлеңінде бәріміздің балалығымыздың базары болған ауылдың бүтінгі келбетіне күйінеді. Мысалы:

Кұба белде жел ойнап, сағым қуып,
Алыста жүрек шымшып, сағындырып,
Арсаландап анамдай келсем жетіп,
Көңіл суып қалады сағым сынып.-дей отырып,
..Балалықтың мәйегі ақ бесігім,
Дәуірдің дауылы ұрып кетті сынын.
Қындықта қыырға тастап кеткен,

Қауқарсыз ұлдарыңа ет кешірім.-деп, анасындаі кешірім сұрауы ауылды сүйген, туган жерін сүйген ағаның, ақындық жүрегі, азаматтық жүрегі екенін танып білу қын емес. Ақын ағаның данқты жерлесі О.Бекеев туралы, «Арайлы таңға асықлын» өлеңдері ақындық шеберліктің ұшар шыныңдай

көрінді маган. Орыс поэзиясының классиктерінің бірі декабрист, қазақ даласында айдауда болған А.Н. Плещеевтен аударылған өлеңдер жинақтың салмағын қомдап, әрін аша түскен. Әмірде махаббат тақырыбын айналып өткен ақын болмаған шығар, осы мәңгілік тақырып та, жинақтан лайықты орнын тауып тұрғаны айқын. Ақын аға «Алматының қоңыр күзі» өлеңінде былай дейді:

..Алматыда жиі жауған жаңбырмен,
Көздерінің тұнығына шомылғам...

Керемет сурет емес пе? Жалпы айтқанда, жинаққа кірген басқа тақырыптағы жырлар, айттар ойымен де, көркемдігімен де бір- біріне ұқсамайтын ерекше туындылар.

Ендігі сөз ақын ағаның баспаға ұсынылып отырған «Қазаннан желтоқсанға дейін» жинағында болмақ. Жинақ «Тәуелсіздік дауысы», «Имандылық мұратым», «Ұлының ерлігі, елінің ерлігі», «Достық әзілдер», «Тілім мұңым», «Әз ұям, ошағым», «Тойың тойға ұлассын», «Жылдарым жырлайды», «Зауал», тағы басқа бөлімдерден тұрады. Жинақтың алғашқы бөлім халқымыздың ғасырлар бойы аңсан жеткен тәуелсіздік туралы бірінен бірі асқан «Тәуелсіздігім менің», «Алға, Қазакстан», «21-ғасыр», «Жаса, халқым» секілді айттар ойы биік, мағыналы да, мәнерлі жырлардан тұрады. Екінші «Имандылық мұратым» бөліміндегі өлеңдер дін туралы, әр түрлі діни шараларға арналған жырлар ғана емес, ақын ағаның дінге деген көзқарасында .

Жинақтағы кез келген өлеңді алып қарасаңыз, қай-қайсысында болсын салмақты ой, түйін жатыр, ал, жинақтың тұндігін тік етіп тұрғаны екі бөлімнің бірі «Тәуелсіздік дауысы» болса, екіншісі «Зауал» атты бөлімдегі «Қазаннан желтоқсанға дейін» атты поэма 2002-2016 жылдар аралығында жазылған шығарма Ертіс топырағында ашаршылық әкелген

қайғы, қасіретті сез етеді. Жалпы, ашаршылық туралы публицистикалық мақалалар демесеніз, облыс аумағында жазылған ірі көлемді әдеби шығарма, менің білуімше жоқтың қасы. Ендеше, осы тақырыптағы екі көлемді туындылардың Ертіс өнірінде жазылғаны ертістіктер үшін мактаныш болуы тиіс. Біріншісі алғаш рет аудандық «Ертіс нұры» газетінде 2002 жылы жарыққа шықкан жоғарыда аталған поэма, толықтырылып, өндөліп жинаққа енген. Екіншісі ақын, өлкетанушы, ауданың бір туар азаматы М.Жаманбалиновтың 2003 жылы жарық көрген «Аштықтың азабы» поэмасы.

Самат ағаның поэмасы Ертіс өнірін отарлау басталған сонау 1900 жылдан бері қарай ел есінде қалған елеулі оқиғалар: Отарлаудың басталуы, Қазан төңкерісі, Колхоздастыру, сол тудырған ашаршылық секілді тарихи оқиғаларға негізделген әдеби шығарма. Халық басына түскен кайғы, қасірет, мұн, нала жоғары ақындық деңгейде суреттелгені дау тудырмайды. Бұл ақындықты парызым деп білетін ақын ағамыздың шоқтығы, өресі биік шығармасы.


Ауданымызда ақын ағаның өлеңдерін қайсыбірін жатқа білетін, іздең жүріп оқитын өнер сүйген, өлең сүйген өздері де, өлеңнен қара жаяу емес аға, апаларымыз баршылық. Солардың бірі Қаракұдық ауылның тұрғыны Нұрән Бәпеләйқызы Жамалова. Осы жинаққа алғы сөз жазарымда маған жолығып, ақын ағаға деген өлеңмен жеткізген тілегін, қалайда жинаққа кіргізуін өтініп еді. Төмендегі өнер жана-шыры апамыздың ақ тілегін жинаққа орайсыздау келіп тұрса да сол қалпында ұсынып отырмын.

Ауылдан шыққан алғашқы,
Ақын күйеу сен едін.
Өлеңмен өріп өмірді,
Қам көнілді демедін.
Жырладың талай боздақты,

Жырладың ардагер еңбегін.
Жырладың туған ауылды,
Бұнда да, сенің бар тегің.
Ананы жырлап шер тарқат,
Ғажайып өмір сыйлаған.
Балаға деген махаббат,
Жүргегіне жинаған.
Қарақұдық қайын жұртың,
Ұрпағың өскен мекен бұл,
Ұмытпа бақытты қундерінді,
Естеліксіз өмір тұл.

Толғанай Ағыбайқызы Рахметова

Ертіс ауданы әкімшілігінің «Мәдениет, тілдерді
дамыту, спорт және денешынықтыру» бөлімінің бас
маманы.



ТӘУЕЛСІЗДІК ДАУЫСЫ

Ата заң

Қазақсың ба? Қазақ болсаң болғаны,
Тәүелсіздік!
Кештеу болсын ол да бар,
Ақтандақ мол болғанменен жолдары.

Ақтандағың - азаттықты аңсаған,
Күрбан болған қанша ғасыр, қанша адам.
Ақтандағың - бақыт, байлық тоналған.
Ақтандағың - уланған рух, ар, санан.

Өткен күндер жүргегімде.
Ашы мұн-
молтақ тілім, молтақ болған дәстүрің.
Ақтандағың-отыздағы Нәубетің,
Ақтандағың-рухани аштығың.

Бәрі де артта, алдында таң шапағы,
Сөзім де бар, заңым да бар аталы.
Сынақ біткен даласында қазақтың,
Қазақстан-бостандықтың Отаны.

Камқой көніл, камқой халқым тыншыдың,
Бұрып кері тарихтың үршығын.
Дала тыныш. Ағайын мәз естіген,
Атом емес ат тұяғы дүрсілін.

Көп бәледен сактар енді аруактар,
Гүлге оранар атом жұтқан шандактар.
Елің үшін, жерің үшін жаңарған,
Бабаларым, қуаныштан аунап қал.

Алау күннің нұры сүйіп айдарын,
Желбіре еркін аспан түсті байрағым.
Ән ұран бар, елтанба, рух бар,
Осы емес пе елдігім де, айбарым.

Құтылдық па қызыл сүйір жебеден,
Жіберемін аттың басын тежемен.
Бұратанаң, мәңгүртің де мен емес,
Басқалармен енді теп-тен терезем!

1993 ж.

Алтын заң

Қазақстан, туған елім байтағым,
Тарихқа кеткен есем қайтардың.
Қазақ елін құллі әлемге танытқан,
Ата заңды-Алтын заң деп айтамын.

Аңғал елмін. Откенді алтын заң дегем,
Ұлт тарауы жазылды онда қанменен.
Өз жерімде елдігімді ұмытып,
Үрпағыма қандай жолды таңдал ем?

Киял дәуір қалған сөтте алжасып,
Дүр сілкіндік басымыздан көн қашып,
Елім бастан томағаны сынырды,
Осы Алтын заң таңдал берді жолды ашық.

Бұл Алтын заң-болашаққа бағдарым,
Бұл Алтын заң-арайлы ақ таңдарым.
Бастау алып сонау жеті жарғыдан,
Баба арманын келешекке жалғадың.

Алтын заңым ел мұраты-азаттық,
Құрес жолда көргенбіз сан тозакты.
Сырттан дүлей, іштен өгей ұрандал,
Илемеді кімдер анғал қазакты.

Алтын заңым-ару қала Астанам,
Тамсанатын алыс, жақын, дос-жаран.
Көне ел ем, жаңа ел болдым білді әлем,
Татулықтан әсте қия баспаған.

Шермендермен шегеленген достығым,
Достығымды төрткүл дүние естідің.
Құшағы кең ұлан ғайыр даламда,
Жаттығы жок, қай уақыттан жақсының.

Енді қайта лайланба тұнығым,
Бұлт шалмасын Ақ орданың тұндігін.
Кек аспандай көк байрактың астында,
Жарасып тұр тірлігім мен бірлігім.

Болашаққа-Нұрлы, жырлы жолдармен,
Болашаққа-ізгі мұрат, арманмен,
Алтын заңым-Ата заңым жасай бер,
Қазақ деген қасиетті Мәңгі елмен.

2013 ж.

Үш сұрақ

Қырық жыл соғыс болған жоқ қан тәгілген,
Қайғы ұялап кетпейді қам көнілден.
Бұлтты бәле басымда жүр айналып,
Талайды қошастырып тәнті өмірмен.

Танкпен тапталған жоқ қызғалдақтар,
Құрбаны емес әсте кіл боздактар.
Бейбіт қару-атомның құрбандары,-
Нәрестелер, аналар, сырбаз қарттар.

Кетпесе де, астынан атымды алыш,
Қарауылды бітірді атом жарып.
Кек төбелер айналып боз төбеге,
Боз төбелер қалды ғой тақырланып.

Құба белге тұрушы еді тұнып гүлі,
Әнші құстың сайраған үні тынды.
Қайғыдан қара жерге көл пайда боп,
Шыңғыстау қасіреттен үгітілді.

Аккулар күміс көлден көтерілген,
Қайда асықты жасыл жаз ертеңімен?
Құстары бетен жерге ұя салар,
Мен қалай айрыламын мекенімнен?

Қырандай ұшпаған соң қанат жазып,
Кешкен өмір құрысын азаптанып.
Сарыарқаның саумалын атом жұтып,
Ұрпағыма қояр ма тозак қалып?

Басыма егемендік алған құні,
Үш сұрақ қазағымның арман, мұны.
Көтеру мәртебесін тіл, дәстүрдің,
Бастысы полигонның жабылуы.

1992 ж.

Заман-ай

Тәуелсіз ел деп ат беріп,
Күрзімен қойған талаптар.
Даланың асты, ұсті де,
Жиналған қару жарактар.
Қалалар көркем сәүледті,
Қап-қара тұтін торлаған,
Қалалар емес, тозақтар.

Данғаза сөзбен, ұранмен,
Атойлап шыққан биіктегі.
Сол биіктермен халықтың,
Басына келген күйік, шер.
Қазанның өкпек желімен,
Нәубетті ашаршылықта,
Тоз-тоз боп кеткен ағайын,
Заман-ай, енді жиып көр?

Өзгенің атын жамылып,
Мекендер анау қаптаған.
Құстары ауып, аны ауып,
Баратын жерін таптаған.
Құруға қалған Сарыарқам,
Көкорай белден айрылып,
Өзінен қымбат жоқ маған.

Аралдың сүй тартылып,
Ауылды қанша құм қапты.
Өтеді сәби өмірден,
Бесігіменен күндақты.
Атомға біткен ойран боп,
Шығыстау мен Қарауыл,
Абайдай бізге қымбат-ты.

Ғасырлар бойы айырып,
Бақыттан, байлық несіптен.
Төріме шығып кетпей ме,
Сығалай сала есіктен.
Бас иіп, қолды қусырып,
Дәстүрден, тілден қымсынып,
Болашағына көне елім,
Қаншама жылға кешіккен?

Жетпіс жыл бойы даурыбып,
Қол соғып келген бекер біз,
Салтанат күнді аңсаумен,
Өмірден мынау өтерміз.
Даласы біткен тозаң боп,
Ауылы қалған анырап,
Киуы қашқан өмірді,
Түзете алар ма еkenбіз?!

1993 ж.

Заман

Ансаған бақтың арайлы емес күні әлі,
Аласарып барады арманды елдің шынары.
Тер төгетіндерден тең көтеретіндер көбейді,
Үкілі үміттің көмекшілініп шырағы.

Сағымдай болып көз шалмас қырдан асты үміт,
Өнерді өркен, тастадық қалап тас қылып.
Фасырлар аңсап жеріме жеткен бостандық,
Еліме эттең жеткізе алмай түр жақсылық.

Жайлады жұртты мал табу деген арам құрт,
Саудага түсті ар, ұятың да, адалдық.
Бетті бір сипап, тәубеге келу тым қын,
Адамға адам істеуі оңай жамандық.

Туысын тауып, рулас іздеу көбейді,
Мұддесіне елдің жараспас әсте демейді.
Дәүірің қатқан тондарды қалың жібітіп,
Жетектеп жетті өмірге бай мен кедейді.

Арқалап келген қашаннан ауыр жүгінді,
Ауылым жұрттың айықпас дертке ұрынды.
Еңбекпен елге тұтқа болғандар кетті елден,
Билікке келді так, байлық қуған жырынды.

Мыс, қола татыр көтердік көпті асқар ғып,
Жарамсақтық бітпей кетер ме еken бастан бұлт?
Тілеуім менің, әйтеуір болсын ел аман,
Мәңгілік болсын зарығып жеткен Бостандық.

1994 ж.

Нарық

Нарық қысты, қымбатшылық, тапшылық,
Қалта қағып жатқан жоқ па басқа ұрып.
Ел дәулеті кетіп жатыр құрдымға,
Ой түбінде жүргені тек жақсы үміт.

Берген уәде-
көрген кәде жалған бол,
Ол өмірден бұл өмір де озған жоқ.
Тірлік құны төрт түлікке телініп,
Адам құны кеткені тек арзан бол.

Қай дәуірден бағы жанбай болған тұл,
Ауыл отыр құтыла алмай сордан бұл.
Көп керуені соқтықпалы соқпақта,
Жылпостарға бұрынғыдай жол даңғыл.

Куантады қашан бізге құт келіп?
Көніл жатыр көп нәрседен құптеніп.
Еміктіріп, елеңдеткен нұрлы шақ,
Отыр әлі қанша жылға сырт беріп?

Осы жолда талай ғасыр қан қылып,
Көп жақсыны итжеккенге қалдырып,
Шындық іздең шырылдаған ел едік,
Ал шындықты жүрміз әзір ән қылып.

Болашағым әлі реңсіз, бұлынғыр,
Арқалармыз мүмкін нарық жүгін құр.
Күте, күте коммунизм сарғайтқан,
Күтуменен тағы өте ме бұл ғұмыр?

1996 ж.

Інімен әңгіме

Інісі:

Мейлі ағасы, заманға мың айып тақ,
Алдымен өзімізден сұрайық та.
Тұлкі болып, жараспас бұлтактауың,
Барыстыққа бөрік ки лайыктап.

Бәрі өтірік, барлығы бекер дейсін,
Адал еңбек қалмайды етелмей шын.
Жетпіс жыл сорып келген ортақ байлық,
Қаншага және кімге жетер дейсін?

Қалман десен басқа ұлттың мазағына,
Басыңды име тағдырдың азабына.
Көлгірсіп көңілінді тапқанымен,
Ешкім кеп дәм салмайды қазанына.

Рас, бакыт биікте тұрганы айқын,
Жөнің жоқ бірақ тәмен сырғанайтын.
Елбасының айтқаны бәрі дұрыс,
Тәменде қулар көп қой бүрмалайтын.

Қиыны, өзінді ие сезінбесен,
Босбелбеу ерік берме сезімге сен.
Біреу берсе бергенін бұлдаپ берер,
Арына, еңбегіңе өзіңе сен!

Айқайласпа, заманмен жанжалдаспа,
Кәсібінді аш, қымылда, шаруа баста.
Қолыңды соза бермей биліктіге,
Иек арт дәл өзіндей армандаска.

Болсын тек аспан ашық, күн мерейлі,
Заманымыз өзгерер түбегейлі.
«Халвалиудан» ауызда тәтті болмас,
Айқайлаудан заманың өзгермейді.

Ағасы:

Сеніп едім арғымақ ойларыма,
Мінілліпін өртөкымсыз жайдағына.
Қолыңды бер, інішек қолыңды бер,
Ақыры түсіндірмей қоймадың ә!

1997 ж.

21-ғасыр

Өтті бір ғасыр тоздырып талай жол табын,
Ғасырды келген үмітпен тосып ал қауым.
Жаңа жыл келді егінді байтақ далама,
Ақ қарыменен қантардын.

Жаңа жыл келді ұскірік аяз, боранмен,
Ғасырдан осы шапағат шағын табар ма ел?
Болшағына бет алған дархан еліме,
Ілесіп бірге барам мен.

Таулары шөгіп қалғанмен биік мұз кеуде,
Даламыз толы айшықты талай іздерге.
Ғасырым өткен даналығыма мұнара,
Абайды бердін біздерге.

Басына елдің не келіп, нелер кетпеді?
Жақсылық та бар, зұлымдық та эттен, көп тегі.
17-жылғы қазанның сұрғылт аспаны,
Болды ма қазақ көктемі?

Әсіре сөзге, ұранға, дуға дес беріп,
Сімірдік бәрін, қарасын, ағын хош көріп.
Дінсіздіктің де, мәңгүрттіктің де зәрлі уын,
Бүтін бір ұрпақ өсті еміп.

Халқым-ай, анғал тағдырың қалай кермек-ті,
Ұмыта алам ба отыз үштегі нәубетті?
Милиондарды үш қана жылда жоғалттық,
Киянға тозып ел кетті.

Жылжыды жылдар түзедік кайта жөргекті,
Аңырап қалған жетімдер елмен ержетті.
Кім үшін болсын тер төкті елім аянбай,
Еркіндік қана шөлдettі.

Ұлтарға бетен көрmedік көзді алартып,
Солардың болды дәстүрі сыйлы, әні артық.
Ұлылықты солардан ғана іздедік,
Өзіміздікін жоғалтып.

Қасіретті ғасыр, алтын да ғасыр ұққанға,
Әйгілеп елді майталман небір шықты алға.
Дүниеге төрткүл қазақтай елді танытқан,
Дарбоз хакім Мұқтар да.

Жырлары жасын даланың жыры, алдастан,
Сол ғасыр ұлы бір туар тұлға Олжас та.
Өлмestей мәңгі артына кеткен сөз тастап,
Дарынды талай Марқасқам.

Ғасырдың соңы басына елдің бак туып,
Тойладық ессіз бөрікті көкке лактырып.
Сол бөркім әттең қолыма түспей жүр әлі,
Басылған кезде аптығым.

Қайғы, мұң көрген жетеді бізге мың жылға,
О, кайран халқым өткеннің бәрін мұң қылма.
Болашағыңды мұқалмай жігер тоса біл,
Сенімің кетпей құрдымға.

Көлденең бәле кездейсоқ салмай құрығын,
Биікте болсын шығатын дәйім тұғырың.
Бақытың үшін қара да, тере бәлсінбей,
Сыйласын жүрек жылуын.

Ғасырда келген тілеймін бақыт қауымға,
Гүлденген қала, арманды анғал ауылға.
Жаңа жыл кеші ақыннан туған бата осы,
Ақ жүрегіңмен қабылда!

I-қаңтар 2000 ж.

Алға, Қазақстан!

Дала Еркіндік. Еркіндіктен бізде басқа жоқ-ты арман,
Қайран жерім, қанша жылдар дүшпандармен тапталған.
Азаттықтың ақ жолында ер ұлдарың мерт болған,
Қайғыру мен қасіреттен жүректерде кек қалған.

Жел сөздерден үш жүзді ел бір-біріне жат болған.
Кент күйреп, дала өртеніп, қызыл қанға бекті арман.
Халық тозып, жер айрылды жасыл желең бақтардан,
Қайран елім, бақтынан қанша жылға шет қалған?

Елдігіне жетер жолда мың жығылып, мың тұрып,
Кұлағанмен жасынапты құш, жігерін құм қылып,
Жүректерді кекке қайрап үзілмеген бір үміт,
Шапағатты сәтін тосып жатқан екен бұлқынып.

Дала Еркіндік, ал Еркіндік қашан қазақ қанында,
Қандай қанды ғасыр болсын көрмеген еш дамылдац.
Алтай, Кекше тауларында, Жетісудай бағымда,
Сарыарқада, Бетпағымда жүрді оранып сағымға.

Үміттермен
жібіткен ем, көшті әйтеуір бастан бұлт,
Он жыл бұрын желтоқсанда жаңа өмірді бастадық.
Бодандықпен, мәнгүргіктің қеудесіне тас тағып,
Одак деген отар сөзбен тарихка таstadtық.

Кекіректен өшкен шок та, өшкен кек те, үшқан мұң,
Еркіндігім кетті шарлап қанатымен құстардың.
О, жырлы әлем! Тында мені, сыйлай білсең досыңмын,
Өз жолыммен, өз әніммен қатарына қосылдым!

Жұмыр жердің көк түндігі-аспан түсті бар туым,
Аңсап жеткен азаттықтың қадір тұтам әр күнін.
Қара түнді қақ айырған наизағайдың жарқылы,
Осы жарқыл қалсын мәнгі бақыты үшін халқымның.

Жаса Еркіндік! Еркіндікті сыйға тартқан жаса күн,
Талқан еткен «ұлы одактың» құрсауланған жасағын.
Кешірмеймін зұлымдықты, өшірмеймін еш мәнгі,
Желтоқсанда жастарымның мұзға жакқан ошағын.

Он жыл өтті сол күндерге нені білдік, нені ұқтық?
Көп кеселден арылдық та, қындыққа жолықтық.
Игі істермен толығыпзы ел байлығын тәрк қып,
Бәрінен де, Еркіндігім қымбат екен соны ұқтық.

Еркіндік-ай, қалай ұқтық, қалай ұқты кей бүлік,
Молдығынан бас айналып, қалды жүрек шайлығып.
Қолдан жасап бай, манапты мінгіздік те сәйгүлік,
Кедей болып шыға келдік астымызға тай мініп.

Салт, дәстүрді тұншықтырған артта қара тұн қалды,
Кеш те болса қолға алдық касиетті құранды.
Еркін елде, байтақ жерде күні әлі тұманды,
Кенжеліктен құтыла алмай келеді, әттең тіл нәрлі.

Уақыт өзі түзей жатар келең өмір тұстарын,
Бостандыққа құштар ел ем, жақсы өмірге құштармын.
Сенімі мол, мүмкіндік мол армандармен ұшқары,
Көне шактан-Болашакқа,
Алға Қазақстаным!

2001 ж.

Тәуелсіздік ұстанымы

Жанды жеп рушылдық, күншілдігім,
Қайдан біткен бәле бүл? Құрысын бұным.
Қызыл сөз, қызыл өсек ұмыттырып,
Жүрген жоқ па елімнің жыршылдығын.

Рушылдық от салып бақтарыма,
Соқтырған сан тағдырдың шоқпарына.
Ақ табан шұбырынды заманында,
Үш жүзім де өртегіп жатпады ма.

Осыны айта алады бекер деп кім,
Талайды итжеккенге жетелеттін,
Ортадан оза шапқан бостандыққа,
Басын алып бергенбіз Махамбеттін.

Өзге елде емес, өзінің Отанында,
Жай таппаған Мұсан да, Ақаның да.
Күншілдіктен Сәкендер кетпеп пе еді,
Отыз жеті тозактың оты алдына.

Өзбек, қырғыз бөліп жер тамшы мейіз,
Керші ауылдан келгенді қоңсы дейміз.
Ағайын көп қыырға тоз-тоз болған,
Санымыз аз, сондықтан қамшы жейміз.

Байлық қуып, қуып тағы лауазымды,
Тыймай жүрміз жер, жесір дауымызды.
Бас көтеріп көз салмай төнірекке,
Иек асты іздейміз жауымызды.

Ей, Наймандар, Керейлер, Жалайырлар,
Қоңырат, Арғын, Қыпшак, Адайың бар.
Алты ауыз бір болмаса,
Қазақстан,
Тәуелсіз ел болмайды Ағайындар!

1992 ж.

Оралман емес. Ағайын!

Жусандай ашы тағдыры,
Қазақтай халық жоқ дер ем.
Ғасырлар бойы басына,
Қонбай-ақ келген бақ деген.
20-33 жылдар арасы,
Ойран боп ауыл, даласы,
Қаңғырып кеттік, әттеген.

Мекендең бөтен даланы,
Қызықтап бөтен аспанын.
Тұған елін ойлаумен,
Көбінің етті жас шағы.
Күндері өткен мәңгіріп,
Жат жерде қалған мәңгілік,
Арманды әжелеріммен,
Кеш бізді, ақсақалдарым.

Бөтен ел туын көтердің,
Болғанмен оған жат жанын,
Ұрпағың үшін тер төгіп,
Баптадың малын, бактарын.
Егіліп жанын жүргенсін,
Жер иесіне жүтініп.
Атадан аманат болып,
Жүректе жүрді бір үміт.

Бодан ел болдық білерсін,
Тәуелсіз ел боп атанаып.
70 жыл бойы кол ұшын,
Бере алмай келді Отаның.
Көк байракты көтеріп,
Азатты міне ел болдық,
Ортамнан тіктің отауды,
Көбейе берсін қатарың.